

«Қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасындағы егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналады, экономикамыз анағұрлым қарқынды дамиды, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі.

Мен мұны зор сеніммен айтып тұрмын. Өйткені, оған қол жеткізу үшін қажетті реформалар мен нақты іс-шаралар жоспарын ұсынатын боламын».

Президент Үндеуінен



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

№3
(20277)



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Елімізде лаңкестікке қарсы операция жалғасуда. Полиция, ұлттық ұлан және армиямыздың күшімен Конституцияға сәйкес заңдылық пен тәртіп орнату мақсатында ауқымды әрі күрделі жұмыс атқарылып жатыр.

Кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысындағы жағдай қалпына келтірілді. Енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берді. Бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылды.

Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда.

Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім.

Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымдық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?

Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады.

Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын.

Өздеріңізге мәлім, ҰҚШҰ-ның жарғылық құжаттарының негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан конституциялық тәртіпті ретке келтіруге көмек беру үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларынан біріккен бітімгерлік күштерін енгізуді сұрады.

Бітімгерлік күштер еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық етіп отырған Арменияның Премьер-министріне, сондай-ақ Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан президенттеріне шынайы алғыс айтамын.

Ресей Президенті Владимир Путинге ерекше ризашылық білдіремін. Ол менің үндеуіме жедел, ән бастысы, жолдастық ниетпен үн қатты.

Сонымен қатар Қытай Төрағасына, Әзербайжан, Түркия президенттеріне, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың басшыларына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын.

Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жана қиын ашып көрсетті.

Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес.

Тауелсіздіктің 30 жылдығына орай сөйлеген сөзімде заң мен тәртіп еліміздің игілігі мен берекесінің негізгі кепілі екенін айттым.

Бұл тек Қазақстанға ғана емес, барлық өркениетті мемлекетке тән. Бұл азаматтардың бостандығы мен



адам құқығын шектеу деген сөз емес. Керісінше, Алматыдағы және Қазақстанның өзге де қалаларындағы қайғылы жағдай заңның сақталмауы, шектен шыққандық және анархия адам құқығының бұзылуына әкеп соқтыратынын көрсетті.

Алматыда содыр-лаңкестердің қолынан әкімшілік ғимараттар ғана емес, бейбіт тұрғындардың мүлкіне де залал келді.

Сондай-ақ жүздеген бейбіт тұрғын мен әскери қызметшінің денсаулығы мен өміріне қатер төнді.

Қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын.

Естеріңізге болса, 2020 жылдың мамыр айында менің ұсынысыммен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуі туралы заң қабылданды.

Бұл заң, шын мәнінде, елімізде демократияны ілгерілету бағытында жасалған маңызды қадам. Өйткені құжатта митингілер мен жиналыстарды өткізу үшін рұқсат алудың қажет еместігі, тек билік органдарына ескерту жеткілікті екені қарастырылған. Жиынды еліміздің кез келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерде жиналып, не айтсақ та құқымыз бар деп санайтын кейбір «құқық қорғаушылар» мен «белсенділер» өздерін заңнан жоғары қояды.

Осындай шолақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды. Оларға көбінесе зорлық-зомбылық көрсетіп, тіл тигізеді.

Осындай «белсенділердің» кесірінен интернет бұғатталады. Нәтижесінде миллиондаған азамат пен отандық бизнес зардап шегеді.

Яғни, ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа орасан зор зиянын тигізеді.

Құқықтық тәртіпті бұзуға өздерін «еркін» бұқаралық ақпарат құралдарымыз деп санайтындар мен біздің көпшілікті халқымыздың негізгі мүдделерінен алшақ «сырттағы қайраткерлер» ықпал етіп, шын мәнінде арандатушылық рөл атқарады.

Осы жауапсыз демагогтардың барлығы Қазақстанда қайғылы жағдайдың туындауына себепкер болды десек, асыра айтқанымыз емес. Біз құқықтық вандализмнің кез келген түріне қатаң шара қолданамыз.

Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада еңсеретінімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек.

Мен құрған ведомствоаралық топ содырлар мен лаңкестерді іздеумен және оларды ұстаумен айналыса-

ды. Олардың бәрі қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп азаматтарымызға уәде беремін.

Барша қазақстандықтан өтінерім, сақтық танытып, барынша қырағы болыңыздар. Күмәнді адамдардың қандай да бір күдік тудыратын белсенді әрекетін байқасаңыз, құқық қорғау органдары мен жедел желілерге хабарлаңыздар.

Құқық қорғау органдары мен армияның іс-қимылына, сондай-ақ олардың ведомствоаралық үйлесіміне қатысты анықтайтын мәселе көп.

Арнаулы жасақтың, арнаулы құрал-жабдықтардың жетіспейтіні белгілі болды. Осы мәселелерді шұғыл түрде шешуіміз керек.

Содырлардың террәкт жасау туралы жымьысы жоспары мен жасырын дайындығын мемлекет қалайша білмей қалғанын анықтап, түсіну аса маңызды. Тек Алматының өзіне 20 мың содыр шабуыл жасады.

Барлық облыста әскери, әкімшілік және әлеуметтік нысандарға ұйымдасқан түрде, жоғары жауынгерлік дайындықпен және асқан қатыгездікпен шабуыл жасау әрекеті олардың нақты жоспарының болғанын көрсетті.

Содырлардан бөлек, идеологиялық диверсия жасауға әбден жаттыққан, жалған ақпараттар мен «фейктер» таратуды шебер меңгерген және

адамдардың көңіл-күйіне ықпал ете алатын мамандар жұмыс істеген.

Оларды дайындаумен және басқарумен біртұтас командалық пункт айналысқанға ұқсайды. Бұл мәселемен ҰҚК мен Бас прокуратура айналысып жатыр.

Енді жақсы жаңалықтар туралы.

Жағдайдың тұрақталғанына қарай еліміздің кейбір өңірлерінде интернет-байланысты белгілі бір уақыттарда қосу туралы шешім қабылданды. Бұл шешім азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігіне оң әсер ететініне сенімдімін.

Алайда, интернетке еркіндік берілгенімен ойына келгенді жазуға, жалған ақпарат таратуға, біреуге тіл тигізуге, арандатушылыққа жол берілмейтінін ескертемін.

Ондай материалдар шықса, олардың авторларын тауып жауапкершілікке тарту шараларын қабылдаймыз.

Лаңкестікке қарсы операция жалғасып жатыр. Содырлар әлі де қаруларын тастаған жоқ, қылмыстарын жалғастыруда немесе соған дайындық жүргізуде. Олармен соңына дейін күресу керек. Берілмегендерді жоямыз.

Болашақта басымдықтан өткерген қайғылы жағдайдан сабақ алуымыз керек. Бұның әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы да бар.

Үкімет менің 11 қаңтарда Мәжілісте айтатын сөзіме қатысты нақты шешімдер қабылдауы керек.

Ал әзірге айтарым, қадірлі отандастарым, мен сіздерді мақтан тұтамын.

Осы күндері сабыр сақтап, тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге күш салған Қазақстан азаматтарына алғыс білдіремін.

Арандату мен деструктивті ұрандарға қарамастан заңға және өз елдеріңізге деген адалдықты сақтап қалдыңыздар.

Ірі қалалардағы студенттерге, еңбек ұжымдарының мүшелеріне, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының жұмысшыларына азаматтық ұстанымдарыңыз үшін алғыс айтамын.

Наразылықтың бейбіт тәртібін сақтағыны үшін өңір тұрғындарына ризашылығымыз білдіремін.

Бейбіт шеруде қойылған талаптардың бәрін ескереміз. Диалогтың нәтижесінде компромиске келіп, өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

Сондықтан жағдай тұрақталған өңірлерде біртіндеп төтенше жағдай режимін аламыз.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасындағы егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналады, экономикамыз анағұрлым қарқынды дамиды, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі.

Мен мұны зор сеніммен айтып тұрмын. Өйткені, оған қол жеткізу үшін қажетті реформалар мен нақты іс-шаралар жоспарын ұсынатын боламын.

Баршаныңа зор денсаулық, құт-береке тілеймін.

Тек қана аманшылықта кездесе берейік!

Құқықтық актілер

5 қаңтар

• Мемлекет басшысының Жарлығымен Алматы қаласы мен Маңғыстау облысында төтенше жағдай енгізілді.

• Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Конституциясының 70-бабына сәйкес Қаулы етіліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнынан түсуі қабылданды. ҚР Премьер-Министрі міндеттерін уақытша атқару Әлихан Асханұлы Смайлұлова жүктелді. Үкімет мүшелері Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін атқаруды жалғастыратын болды.

• Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Тынымбайұлы Қарин Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болып тағайындалып, ҚР Президентінің көмекшісі лауазымынан босатылды. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қырымбек Елеуұлы Көшербаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы лауазымынан босатылды.

• Мемлекет басшысының өкімімен Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды. Ол ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары лауазымынан босатылды.

• Алматы облысында, Нұр-Сұлтан қаласында, Атырау облысында, Шымкент қаласында, Жамбыл, Қызылорда, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Түркістан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында төтенше жағдай енгізілді.

6 қаңтар

• Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермек Алдабергелулы Сағымбаев Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымына тағайындалды. Ол ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы лауазымынан босатылды.

• Мемлекет басшысының Жарлығымен Қарим Қажымханұлы Мәсімов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымынан босатылды.

• Сәкен Сайынұлы Исабеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы лауазымына тағайындалды. Мемлекет басшысының өкімімен Сәкен Сайынұлы Исабеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары – Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы лауазымынан босатылды.

• Мемлекет басшысының өкімімен Берік Салдықұлы Құнанбаев Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің директоры лауазымына тағайындалды.

• Мемлекет басшысының өкімімен Әнуар Төлеуханұлы Садықұлов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – «А» Арнаулы мақсаттағы қызметінің директоры лауазымынан босатылды.

• Мемлекет басшысының өкімімен Шыңғыс Сайранұлы Әрінов Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары – Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бастығы лауазымына тағайындалды.

• Әсет Арманұлы Ерғалиев Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

• Мемлекет басшысының Жарлығымен «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Немағұлы Келімбетов Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы лауазымынан босатылды.

• Мемлекет басшысының өкімімен Айтқұрман Жоламанұлы Омарбеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары – Айрықша мақсаттағы күштердің қолбасшысының міндеттерін уақытша атқарушысы болып тағайындалды.

• Мемлекет басшысының өкімімен Ардақ Әшімбекұлы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары – Айрықша мақсаттағы күштердің қолбасшысы лауазымынан босатылды.

ОБЛЫС ӘКІМІ ГҮЛШАРА ӘБДІҚАЛЫҚОВАНЫҢ АЙМАҚТА ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕС Өңір Тұрғындарына Арналған ҮНДЕУІ

Құрметті облыс тұрғындары!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз бойынша төтенше жағдай жариялады.

Қаруланған бұзақылық топ біздің аймақтағы облыстық, қалалық әкімдіктер, «Nur Otan» партиясы, облыстық сот ғимараттарына шабуыл жасады. Біз қызметкерлерді алдын ала шұғыл эвакуацияладық.

Бүгінгі күні облыста 168 адам ауруханаға жүгінді. Соның 77-сі ауруханаға жатқызылды. 38-і жан сақтау бөліміне түсті.

Қадірлі жерлестер!

Бүгінгі күні облыста арнайы жедел штаб құрылып, жұмысын бастады.

Облыстағы қоғамдық-саяси ахуал біздің тұрақты бақылауымызда. Баса айту керек, қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып,

жалған ақпарат таратқан азаматтар жауапкершілікке тартылады.

Қызылорда облысы аумағында террористік қауіптің «қызыл шекті» деңгейінің енгізілуіне байланысты теороризмге қарсы операция басталды. Осы орайда барлық азаматтарды енгізілген шектеу мен қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырамын!

Облыс аумағында енгізілген шектеулерге байланысты Сіздерден аса қажеттілік жағдайда ғана үйлеріңізден шығуыңызды сұраймыз. Шыққан жағдайда өздеріңізге жеке куәліктеріңіз болуы қажет! Арандатушылыққа бой алдырмай, қауіпсіздік шараларын сақтап, құқық қорғау қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауларыңызды сұраймыз!

АХУАЛ ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекованың мәлімдеуінше, өңірде ахуал тұрақталып келеді.



– Ірі сауда орталықтары мен базарлардың азық-түлік сататын бөліктері жұмысын бастады. Қоғамдық көліктерді де кезек-кезеңімен шығару жүзеге асырылуда. Еріктілер бұзылған, залал келген аумақтарды тазарту, ретке келтіру жұмыстарына

жұмыла кірісіп жатыр. Олар сондай-ақ, блок-бекеттердегі тәртіп қызметкерлеріне ыстық тамақ жеткізуді де қолға алған. Жалпы өңірдегі ахуал облыс әкімі жетекшілік ететін облыстық арнайы штабтың қатаң бақылауында, – деді басқарма басшысы.

Қақтығыстан 20 адам қаза болған

7 қаңтар түскі сағат 12.00-де облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловтың берген мәліметі бойынша, 5 қаңтарда 168 адам облыстық

және қалалық ауруханаға жүгінді, 70-і жатқызылды, 6 қаңтар күні 14 адам қаралған. Ауруханада жатқаны – 56. 25 адам жансақтау бөлімінде, қайтыс болғандар саны 20-ға жеткен.

Басқарма басшысының айтуынша жедел жәрдем станциясы, ауруханалар штаттық режимде жұмыс істеуде.

«СБ» ақпарат



ЕЛ БАСЫНДАҒЫ СЫНАҚТЫ САБЫР ЕҢСЕРЕДІ

БЕРЕКЕ БҮЛІНБЕСІН, БАУЫРЛАР!

Кейінгі бес күнде барлық жерде жағдай ушығып тұр. Бейбіт шеруден басталған ел талабы аяғында осындай берекетсіздікке, дұрысы лаңкестікке ұласып отыр.

Рас, қоғамда шешілмей жатқан мәселе жоқ емес. Әлеуметтік әділетсіздік, бағаның қымбаттауы, оның ішінде азық-түлік бағасының шарықтауы немесе жалақының аздығы әсер етпей тұрған жоқ.

Бірақ бұны қарумен шешеміз деу тым қате, өзімізге мысал болатындай көп халықаралық жағдайлар да жетерлік. Менің жеке өз басым, халықтың амандығын, мемлекеттің тұтастығын қалаймын. Сол ғана бірінші орында тұру керек.

Бұлар – содырлар, иә, сыртқы күштің де әсері бар деп ойлаймын, айналып келгенде, мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтып, іргетасын бұзуды ғана ойлайды.

Дәл қазіргі уақытта Мемлекет басшысының қасына топтасып, қиын кезеңде жергілікті полицияға жәрдем беріп, ел іргесін бұзбауға тиіспіз. Барлық зиялы қауым осыны ескерсек екен.

Бұл содырлардың, лаңкестердің түпкілікті мақсаты, әрекеті Президент айтқандай зерттеледі. Барлығы да жазасын алады. Сондай-ақ Қазақстан үшін жаңа саяси-экономикалық шешімдер қабылданып, ынтымақ пен бірлікті сақтауда бұндай келеңсіздіктің келешекте қайталанбауына жұмыс жасалады.

Тәуелсіздік тұғырын сақтауда тәртіпсіздіктің тыйылуына барлық азаматтар атсалысса деген тілектемін. Бүлікшіл топтың бүгінгі қимылына қарсы біздің Қызылорда өңірі ғана емес, бейбітшілікті сүйетін миллиардтаған халық та үн қосады. Ел мен жер амандығы тек өзімізге керек. Соны ұқсас екен.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

ОРТАҚ ШАҢЫРАҒЫМЫЗДЫ ШАЙҚАЛТПАЙЫҚ!

Баршамыз қуана қарсы алып, жақсы үміттер, жаңа жоспарлармен бастаған жаңа жылымыздың алғашқы күндері халқымыз үшін сындарлы сәттерге толы болды. Бұл – еліміздің барлық аймақтарында орын алған толқулар, кейбір өңірлердегі тәртіпсіздіктер, заңсыздықтар.

Иә, елімізде, экономикада, әлеуметтік салада проблема бар, ол жасырын емес. Қалай десек те, нарықтық экономиканың, әлемдік экономикалық қарым-қатынастардың өз талабы, қағидалары бар. Оны біздің еліміз де айналып өте алмай-тыны анық. Біз бөлек ғаламшарда емес, адамзатқа ортақ мекенде өмір сүреміз, заман өзгерістері бізді де иіріміне тартып, өз заңдылықтарына бағындыратыны, мойындататыны анық.

Орын алған наразылықтардан кейін Мемлекет басшысы халықтың мұң-мұқтажын ескеріп, үлкен оң шешімдер қабылдады, оны баршаңыз көріп-біліп отырсыздар. Шұғыл шаралар елімізде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалды, қордаланған мәселелерді шешуге бағытталған. Атап айтсақ, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы бойынша мемлекеттік реттеуді енгізу; әрбір аймақтағы қабылданған шешімді мемлекеттік бақылауға алып, орындалу нәтижесін халыққа хабарлау; коммуналдық тарифтерді көтеруге 180 күнге, яғни, 6 айға мораторий енгізу, халықтың

әлеуметтік жағдайы нашар топтары үшін нарықтағы баспананы жалға алу құнын субсидиялау мәселесін қарастыру, «Қазақстан халқына» деп аталатын қоғамдық қор жұмысын, оған түсетін және жұмсалатын қаржыны әрбір аудан, қала, облыс, республика деңгейінде бақылауға алу қоғамдық ашықтықты, әділдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін болады. Елдің тұрақтылығы мен халықтың бірлігі үшін өркеніет жолымен дамып келе жатқан мемлекет ретінде жан-жақты жағдай жасалуға.

Біздің киелі де қасиетті Отанымыз үшін ең қымбатты да аса рухани құндылығымыз ол – еліміздің тәуелсіздігі. Сондықтан тәуелсіз ел болып, өздігімізден даму жолына түскен сәтте, ел болашағын ойлау, жастарымызды ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеу, бойына ізгі қасиеттерді қалыптастыру аға буын өкілдерінің Алланың алдындағы ізгі парызы деп білемін.

Халқымыздың осындай ішкі алауыздығын, іштей әлсіреуін кейбір сыртқы да, ішкі де бөтен иенетті арандатушылар өз пайдасына пайдаланып кетуі де ықтимал екенін естен шығармаған абзал.

Ел бірлігіне, тәуелсіздіктің тұтастығына сын сағаты туды. Жағдайды толығымен Мемлекет басшысы бақылауға алды. Туындаған мәселе рет-ретімен шешілуде. «Ел аман, жұрт тыныш» деген бір ауыз сөздің мәнін әрбір адам жете түсініп, оған өз үлесін қосып тиіс.

БІЗГЕ КЕРЕГІ – БЕЙБІТ ӨМІР

Мына жағдайдан халық бейбіт өмірдің бағасын жан-тәнімен сезініп, ұғына түсті деп ойлаймын. Бізге керегі – ашық аспан мен тыныш өмір. Тәуелсіздігіміздің тұрақтылығын ұстап тұру сіз бен біздің қолымызда. Енді бар күш-жігерімізді соған жұмсауымыз керек. Оған әрбір адам үйінде отырып та үлес қосады.

Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жаңа қиын ашып көрсеткенін Президент айттып өтті. Мәслихат депутаттары ҚР Конституциясы мен заңдары аясында қабылданған барлық шешімді толық қолдайды. Осы орайда өз атымын жерлестерімізді ортақ заңға бағынуға шақырамын. Себебі халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидасына сай қабылданып жатқан шешімдер мәселені шешуге бағытталған.

Қазақстан аумағында террористік қауіптің «шекті қызыл» деңгейі енгізілді. Антитеррорлық операциялар басталды. Оны ұйымдастырғандар, жалған ақпарат

таратқандардың барлығы жауапқа тартылатыны белгілі. Билік пен халық арасына сына қағуға тырысушылар бар екеніне көзіміз жетуде. Сондықтан халықтан тек ресми ақпарат көздеріне сенуін сұраймыз. Облыс тұрғындары аса бір қажеттілік болмаса көшеге себепсіз шықпауы керек. Тұрғындар өздерімен бірге жеке куәлігін алып жүруі тиіс. Аймақта жағдай тұрақтанып келеді. Территориялық тұтастығымыз бен мемлекетіміздің бүтіндігі – ұлы мақсат. Ұлттың ұлағаттығы, тәуелсіздіктің баяндылығы, елдің амандығы – ең басты мүдде. Халқымыз парасатты дәстүрі бар келешегі мол халық. Болашақтың жарқын болуының кепілі, ең алдымен, бейбіт өмірде. Бейбіт өмірдің қадірін білуді ата-бабымыз қай заманнан ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап келеді. Сондықтан, ата-баба аманатына абай болайық, ағайын!

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
облыстық мәслихат хатшысы

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ӘРБІР АЗАМАТ ҮШІН СЫН

Қашаннан да ел бірлігі, ынтымағы, татулығы маңызды. Қандай жағдайда болсын, қоғам қауіпсіздігін сақтау – әрбір азаматтың парызы. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге дейінгі жетістігі барша тұрғындардың ауызбірлігі арқасында жүзеге асты. Сондықтан қай кезеңде де сабырлықты ту етіп, кез келген түйткілді мәселе бойынша ортақ шешім қабылдауымыз қажет.

Әрине, елімізде болған келеңсіз жағдай мемлекеттің өсіп-өркендеуіне тілеулес барша халықты ойландырады. Қазақстанның ірі қалалары мен барлық өңірлерінде халық арасына ірікті салуды көздеген бұзақылар террористік акт ұйымдастырды. Олардың басбұзарлығы, жүргенсіздігі қарапайым халықтың қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымға орасан зиян келтірді. Тіпті, мұндай жат ниғылды адамдар қару-жарақ сақталған қоймаларды басып алып, ел ішіне үрей туғызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кең ауқымды антитеррор операциясы жүргізіліп жатқанын жеткізді. Осыған байланысты Президенттің Қауіпсіздік алқасы жөніндегі шартқа сүйене отырып, ҰҚШҰ мемлекеттерінің басшыларына осы террористік қауіпті еңсеру үшін Қазақстанға көмек көрсетуге жүгінді. Шын мәнінде, мұндай келеңсіз жағдай мемлекет тұтастығына нұқсан келтіру, азаматтарымызға шабуыл жасау екені белгілі. Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің

отырысында азаматтардың игілігін, қауіпсіздігі мен тыныштығын ойлау – Конституциялық міндеті екенін айттып өтті.

Тарихтан білетініміз, халқымыз ешқашан орынсыз басбұзарлыққа, жауапсыздыққа, жүргенсіздікке жол берген емес. Тұрғындардың әлеуметтік тұрмысында бірқатар қиындық туындағаны рас. Осы орайда билікпен ортақ диалог құра отырып, бұл мәселенің шешім табуына назар аударғанымыз дұрыс. Қайсыбір проблеманың да шешімі болады. Оны кезең-кезеңімен орындап, әрбірмізге қолайлы жағдай жасау – басты міндет.

Біздің халқымыз сөзге тоқтап, әділдік туын көтере білген. Әрбір ата-ана өз баласының ел ішіне ірікті салғысы келген базбіреулердің жетегіне ермей, жүргенсіздікке жол бермеуін қатаң қадағалауы тиіс. Ол – ел дамуына жанашыр әрбір азаматтың ортақ парызы. Ойланайық! Тап қазіргі күрделі жағдайдан шығу әрбіріміз үшін өте маңызды

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Қоғамдағы түрлі жағдайға халық өз көзқарасын білдіруге құқылы. Бұл үшін мемлекет тарапынан бейбіт шеру заңдылықтары бекітілген. Жанаөзендіктер осы тәртіппен елдегі газдың, жанар-жағармайдың негізсіз қымбаттауына байланысты өз талаптарымен шеру өткізді. Жер-жерде шерушілерді қолдаған акциялар ұйымдастырылды.

ҚАТЫГЕЗДІК ҚАЗАҚҚА ЖАТ

Осыған орай Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл шешімдер қабылдады. Арнайы мемлекеттік комиссия құрылып, нарықтық бағаның заңсыз қымбаттауына жол берген тұлғалар анықталып, шара көрілді. Нәтижесінде газ бағасы реттелді, біздің облысымызда ол бұрынғы нарқынан екі есеге арзандады.

Алайда, еліміздегі бейбіт шеру жағдайын пайдалана білген арандатушылар мен белгісіз күштің әрекеттері шектен шықты. Олардың жосықсыз ісінен қарапайым халық зардап шегіп, ауыр шығындарға ұшырады. Адам құрбандығы орын алды. Бұзып-жару қоғамның жақсаруын ғана ойлайтын қарапайым халық өкілінің ісі емес. Ол – еліміздің ынтымағына, бірлік-берекесіне ірікті салушы арам ниғылдардың әрекеті.

Осы бүгінгі күні тыныштық қалыпты жағдайға түсті, құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстыларды құрықтау қолға алынды. Дегенмен, қала көшелеріндегі бүлінген, қираған мүліктерді көргенде жан жыйлады. Қоғамдық мүлікті бұздыру, қирату – ең ауыр қылмыстың бірі. Бұл әрекеттерді Президенттің өзі «террорлық» деп атады. Лаңкестер және бұзақылыққа қатысы бар адамдар міндетті түрде заң тұрғысында өз жазасын алады.

Қазақ – таршылықты да, қиын-шылықты да көрген ел. Ақсақалдарын тыңдаған, адамдықтаң аттамаған. Кешегі келеңсіздіктер, орынды талаппен ортаға шыққан халықты орға итерген қатыгездік «әр қазақ – менің жалғызым» деп елдіктің есігінен есерлікті сығалатпаған ақылман жұртқа жат.

Ендігі жерде күнделікті мәселеден гөрі елдік тұрғыдағы биік мақсаттарды аласартып алмауды ойлауымыз қажет. Егер біз тұтастығымызға сызат түсірер болсақ, оны қалпына келтіруге тәр жол, тайғақ кешуден өтуге тура келеді. Мұның зардабы ғасырлар бойы аңсап жеткен тәуелсіздігімізге қауіп төндірмесіне кім кепіл?! Бұл бүгінгі біз үшін ата-баба рухының алдында да, келешек ұрпақ алдында да кешірілмес күнә деуден артық не айтуға болады?!

Халық қатығыссыз өмір сүруді қалайды. Біз – көп жасаған, көпті көрген аға буынбыз. «Күн жаманы кетер» дейді аталарымыз. Осы күнімізге жету үшін қанша соқпақтардан өттік, сор кештік. Соны ұмытпасақ екен.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫСЫ ҰЗАРТЫЛДЫ

Оқушылардың қысқы демалысы еліміз бойынша 17 қаңтарға дейін созылды.



Осы кезең аралығында мұғалімдер, әр өңірдегі жағдайға байланысты штаттық режимде немесе қашықтан оқу форматында жұмысын атқарады. Ал колледж және жоғары оқу орындарының студенттері 24 қаңтарға дейін демалады. Кейіннен әр оқу орнының академиялық күнтізбесіне сәйкес екінші семестр жалғасады. Бұл туралы Білім және ғылым министрінің бірінші орынбасары Шолпан Қаринова мәлімдеді. Ол балабақшалардың жұмысына да тоқталып өтті.

– Мектепке дейінгі мекемелер, балабақшалар, бүгінде штаттық режимде жұмыстарын жалғастырып жатыр. Әр өңірдегі нақты жағдайға және жергілікті атқару органдарының шешімдеріне байланысты балабақшалар балаларды қабылдауды жүргізеді, – деді ол.

Сұйытылған газ бен бензин бағасы бекітілді

Үкімет елдегі жағдайды тұрақтандырып, әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту үшін шұғыл шаралар қабылдады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар тауардың бағасы реттелді.



Елде сұйытылған газдың шекті бағасы бекітілді. Бәсекеестікті қорғау және дамыту агенттігі «көгілдір отынның» бағасы 50-70 тенге аралығында сатылатынын айтты. Бұл баға 180 күн сақталады. Осы аралықта баға құнын өсірген компанияларға айыппұл салынады.

Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында литрі 50 теңгеден болмақ. Ал 200 шақырымнан алшақ аудандарда 55 теңгені құрайды. Шымкент, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Түркістан өңірлерінде газ бағасы литріне 60, алыс аудандарда 65 теңге, Алматы қаласында 65, Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 70 теңге болып бекітілді.

Айта кету керек, сұйытылған мұнай газын электронды сауда алаңдары арқылы сатуға көшу бір жылға шегерілді.

Бензин мен дизельдің бағасы да мемлекеттік тұрғыда реттеледі. Бұл да – Президенттің әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға қатысты тапсырмасына сәйкес қолға алынған шараның бір бөлігі. АИ-82 бензині 89, АИ-92 – 182, АИ-93 – 182, АИ-95 235 теңге деңгейінде сақталады. «СБ» ақпарат

АЗАМАТТАРДЫҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН

Елімізде, өз туған қаламызда болып жатқан жағдайларға салқынқандылықпен қарапана жасап, «біз қай жерден қате жіберіп алдық?» деп ойлады. Жап-жас балалардың көкірегіңдегі өшпенділік, жолындағының бәрін жайпап өтетін қатыгездік қайдан пайда болған? Бұл ретте жауапкершілік, ең алдымен, ата-анадан сұралатыны белгілі. Сондықтан барша ата-аналарды балаларыңызға не болуға шақырамын. Өз шаңырағымызды өзіміз шайқамайық, ортасына түсіріп алсақ қайта тіктеу қиынға соғары анық.

Біз соғыс көрген қартымыз да, соғыстан кейінгі елдің ауыр тұрмысын көрген аға буын да, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы аумалы-төкпелі кезеңді көрген менің қатарластарым да бір қоғамда бірге өмір сүріп жатырмыз. Төксаныншы

жылдары студент болған ұрпақтың өкілі ретінде айтсам, біз жылу желісінен ажырап қалған жатақханада тұрдық, суық аудиториялардағы дәріске қатыстық, кітапханада дірдек қағып отырдық. Қазіргі 20-25-тегі жастар мұның бірін де көрген жоқ.

Бәрі осылай бола қалды деп ойлауы мүмкін. Сол жылдары біздің ойымызда алған білімімізді көңілге тоқу, ата-анамыздың үмітін ақтау ғана болатын.

Кейінгі күндері, әсіресе, күштік құрылымдарда еңбек ететін қызметкерлердің, әскердегі сарбаздардың аналары мен жарлары жанын шүберекке түйіп отыр. Бала өсіріп отырған ана ретінде оларды түсінемін, қолдан келгенше моральдық көмек көрсетуіміз керек деп ойлаймын. Ресми хабарлардан естіп отырғанымыз жанымызды одан сайын түршіктіре түседі.

Президент Үндеуіндегі «Әсіресе, Алматыдағы ахуал өте күрделі. Біздің

сүйікті қаламызда құқық қорғау қызметкерлеріне жаппай шабуыл жасалып жатыр. Олардың арасында қаза тапқандар мен жараланғандар бар. Бұзақы топтар әскери қызметшілерді ұрып-соғып, көшеге жалаңаш шығарып, мазаққа айналдыруда. Әйелдерді зорлап, дүкендерді тонап жатыр» деген жолдардан кейін бүлікшілердің көздеген мақсаты ел ішін бұздыру болғанына көзім жетті.

Қобалаланы ана, балалар үйінің құрылтайшысы ретінде барша аналарға Мемлекет басшысына қолдау көрсетіп, өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қадағаланыздар дегім келеді. Жарларыңызға, әкелеріңіз бен

ұлдарыңызға тірек болыңыздар. Сіз бен біз бекітілген тәртіпке бағыну, қамқорлық пен түсіністік таныту арқылы балаларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтап қаламыз. Бүгінде әскерлер, полиция қызметкерлері, дәрігерлер және басқа да мамандық иелері бәріміздің амандығымыз үшін күресуде. Құрметті аналар, қорғаушыларымыздың қауіпсіздігі үшін үйде, балаларыңызбен, жақындарыңызбен бірге болыңыздар.

Анар ІЗДЕН,
облыстық «Үкіметтік емес ұйымдарының альянсы» ассоциациясының төрайымы

Президент банкроттық туралы заңды қабылдауға пәрмен берді

Өмір қызық. Кейде ол өзінің қалаған ырқыңа бағына бермейді. Мысал үшін айталық, қалың бұқараның мүддесін қорғайтын заңды қажеттігі қаншама пісіп-жетіліп жатса да, оны кешігіп жүзеге асырамыз. Орынсыз кейінге қалдырамыз. Шамамен бір жылдай уақыт бұрын бізде Президент айтқаннан кейін «жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңды қабылдау қажеттігі тұрғысында әңгіме болды. Бұл бәзбіреулерге ұнамады. Дұрысы, банкирлердің мүддесіне қайшы келді. Өйтеуір кейінге қалдыруға күш салып барын салды. Армандары орындалды.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Бірақ өмір бір орында тұрмайды. Президент «жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңын күн тәртібіне тезірек енгізіп, оны тез уақытта қабылдау

керектігін айтып тиісті тапсырма берді. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заң нені көздейді? Соңғы деректер бойынша Қазақстанда банкрот несиен алған халықтың 1,7 миллионының 90 күннен асқан қарызы бар. Талғау, талғам жоқ. Несие үлестіріліп жатыр. Президент бұл туралы осыдан екі ай бұрын алаңдаушылық білдірген болатын. Өзірге, нәтиже көрінбейді, халық қарызға бағып жатыр.



Егер жаңа заң қабылданса елдің біршама бөлігі жеңілдеп қалар еді деп ойлаймыз. Өйткені қалың заңды тұлғалар секілді жеке адамдар да банк-

роттыққа ұшырайды. Айталық кездейсоқ жағдайға тап болады, ауырады немесе қайтыс болады дегендей. Бірақ банк бұрын оның қарызын кешірмейтін.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кете береді. Бұл не деген берекесіздік? Міне, Президент осындай жағдайдың алдын алу мүмкіндігін заң арқылы

реттемекші. Заң қабылданған жағдайда банкрот несиені жаппай үлестіре бермейді. Олар енді клиенттің қайтару мүмкіндігін ескереді. Егер қазіргідей әрбір адамның басында 3-4 несиені болса, оған жол бермейді. Қысқасы, банкрот туралы заң барлығын реттеп нарықты жөнге салатын сыңайлы.

Қазақстанда кез келген толқу несиені кешіру туралы талаптан басталады. Бұл заңды құбылысқа айналды. Бірақ заң іс жүзінде барлығын елеп ескеретін болса – халық өз басында болуы мүмкін төтенше жағдайлардан өзін сақтандырады. Аталған заң әлемнің көптеген елдерінде бар. Біз өркениетті жолды таңдаймыз десек әлбетте дәл осылай болуға тиіс.

Бүгінгі айтпағымыз жалпы банк саласындағы болатын қалау-қалау реформаларға байланысты. Осы орайда халықтың өз мүмкіндігіне барынша зер салып ойланғаны дұрыс дегіміз келеді. Банкирлер өз мүддесін

ойлап бірнеше банкте несиені болса да қарыз бере береді. Оның мысалдары толып жатыр. Жұмыс істеп зейнетақы қорына ақша жинасаңыз алты айдан кейін сізге миллиондаған теңге несиені бере салады. Тәуекелі аз, оның қайтару проценті кейбір банктерде 25-30 процентке дейін шарықтайды. Егер әрбір үшінші адам қарызға батып жатса қалғандарының есебінен банктің ұпайы түгелдене береді. Бұл енді карама-қайшы парадокс. Ел қарыздың жылап қайтатынын қанша басынан өткізсе де, ұға бермейді. Мұны банкирлер де жақсы түсінеді.

Сонымен Президент кешегі дүмпуден кейін халық алдына осындай заң қабылдау керектігін баса айтты. Біздің шама-лауымызша, заң ұзаққа бармай қабылданады. Оның қалың көпшілікке қаншалықты «ұнайтын» баптары бар. Ол енді біздің халық қалауларымыздың кәсібилігіне байланысты.

«Бейбіт күннің қадірін біліңдер»

Айналайын балаларым, ғасырдан асқан жасымның бүйігінен айтарым бар. Үлкен сыйлаған елдің ұрпағысыңдар ғой, құлақ қойыңдар.

Айналасы аз күнде бейбітшілік бесігінде тербелген елімізге бүлік, халықтың көңіліне үрей, азаматтардың ойына алаң кірді. Телеарналар көрсеткен көріністердегі қатігездік пен қанқұмарлықтың қайдан шыққанын білмеймін, қалай болғанда да бұл жақсы үрдіс емес.

Менің жастық шағымды сұм соғыс ұрпады. Ел қорғауа көзінде оты жанған қанша боздақ аттанды, қаншасы жат жердің топырағын жамылып сонда қалды. Ақ қар, көк мұз жастанып, жан алысып, жан беріскен қырғынды көзбен көрдік. Қандыкөйлек достарымыздан айырылып, бораған оқтың астында алға ұмтылдым.

Сол кезде бізді жеңіске жетелеген не күш деп ойлайсыңдар? Ол – бейбіт

өмірге, мамыражай тіршілікке оралу еді. Осы жасыма дейін кездесулерде, жиындарда жастарға бейбіт өмірдің қадірін білу туралы үзбей айтып келемін. Тағы да айтамын, айналайындар, тыныштыққа, ұйған берекеге, бір қолдың саласындай бірлікке ештеңе жетпейді.

Мемлекет басшысы халыққа оқтын-оқтын үндеу жолдап жатыр. Өсіресе, тәуелсіздіктің бесігі – Алматыдағы жағдайды айтқанда жаным түршікті. Президенттің Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде барынша қатан әрекет етіп, ел тұрғындарының қауіпсіздігіне қатысты қабылдаған шешімі дұрыс деп есептеймін.

Одан өзіміздің облыстың орталығы – Қызыл-

орданың ахуалы туралы жаңалықтарға құлақ түрдім. Бүлінген ғимараттар, өртке оранған көліктер... Айдың-күннің амаанында қаланың көркі, тіршіліктің қиюы қашқан.

Бұл күндер де өтер, бәрі қалпына келер. Орны толмайтыны – адам өмірі. Президенттің «Біз жұмыла отырып, Қазақстан тарихындағы осы сын сағатты бірге өтсереміз. Бұдан шыңдалып шығамыз» деген сөзі бәріміздің беткеуімізге темірқазымыз болсын!

Әр астан кейін дастарқанға «Айла, арам ниеттіңің пиғылынан сақта, ел іргесін берік ете гөр, азаматтарымыздың амандығын бере гөр» деп батамды жаудырып отырмын. Алла сол батамды қабыл етсін!

Яхия ТАСЫРОВ,
соғыс және ардагері.
Сырдария ауданы

Полиция қоғамдық тәртіпті сақтауды сұрайды



Суреттерді түсірген Нұрбол ШИЖИҚЫЙ

Облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, қаруланған бұзақылық топ облыс орталығында 9 нысанды өртеген. Дегенмен, ғимараттағы қызметкерлер алдын ала шұғыл эвакуацияланды.

Сонымен қатар, полицияның 24 қызметтік автокөлігі өртеп, 8-і зақымданған. Бұдан бөлек, тәртіп бұзушылар 6 модульдік полиция пунктін өртеп, тағы біреуін сындырған.

Құқық бұзушылық деректері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Облыс аумағында қоғамдық қауіпсіздікті

сақтау мақсатында 5 блок-бекет бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Облыс аумағында қоғамдық қауіпсіздікті

4 қаңтардан бастап 80 адам ішкі істер органдарына жеткізілген. Олардың әрбірінің іс-әрекетіне құқықтық баға берілетін болады. Облыс орталығындағы барлық көшелерде патрульдер қызмет атқаруда.

Айта кетейік, елімізде соңғы оқиғаларға байланысты 5-19 қаңтар аралығында төтенше жағдай енгізілді. Полиция департаменті облыс бойынша шектеулерге байланысты тұрғындардан қоғамдық тәртіпті сақтауды сұрайды.

«СБ» ақпарат

Бекеттер жұмысы жанданды

ҚР Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев елдегі мұнай-газ өндірісінің қазіргі жағдайына тоқталып өтті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Елімізде мұнай-газ өндірісі тоқтатылған жоқ. Бүгінде 3 мұнай өңдеу зауыты шаттатқ режимде жұмыс істеп тұр». ҚР Энергетика министрінің айтуынша, тек Теніз кен орнының өндіріс көлемі төмендеген. Оны ведомство басшысы көлік жүруінің шектеуімен байланыстырып отыр. Сондай-ақ, еліміздің кей өңірлерінде қауіпсіздікті сақтау және интернеттің жоқтығына байланысты сұйытылған газдың сатылуында уақытша шектеудің бары байқалады.

– Елдегі жағдайдың тұрақталуына байланысты жанар-жағармай бекеттері жұмысын қайта жандандырып жатыр. Өздерінің білетіндей, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, сұйытылған газдың бөлшек саудадағы бағасы төмендеді. Шағын және орта бизнесінің шығынын қалпына келтіру үшін, олар өндірушілермен төмен бағамен сатып алу туралы келісім-шартты қайта жасайтын болады, – деді министр.

Кешіктірілген төлемдерге айыппұл салынбайды

Елдегі төтенше жағдайға байланысты уақытынан кешіктірілген төлемдер үшін айыппұл салынбайды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Қазақстанда банкрот дүйсенбіге дейін жұмыс істемейді. Бұл туралы ҚР Ұлттық банкінің баспасөз хатшысы Олжас Рамазанов мәлім етті.

– Өзірге тек банкоматтар ғана халыққа қолжетімді. Ал кешіктірілген төлемдерге айыппұл салынбайды. Kaspi.kz, Halyk, Forte, Центр кредит, Алтын банк пен Номе кредит өкілдері осын-

дай хабар таратқан еді. Бұлардың қатарына Альфа банк те қосылды. Қаңтардың 5-і мен 19-ы аралығында ипотекасын төлей алмағандарға өсімәкі жүрмейді, – деп хабарланды. Шешім елдегі жағдайға байланысты қабылданып отыр. «Банктен қарыз алғандар алаңдамауына болады» деп сендірді Ұлттық банк.

Автоматты түрде ұзартылды

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатындарға әлеуметтік көмек автоматты түрде ұзартылды. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шапкенов мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

– Төртінші тоқсанда АӘК алатын тұлғаларға 2022 жылдың бірінші тоқсанында автоматты түрде ұзартылды, – деді Серік Шапкенов. Бұған дейін ведомство басшысы министрліктің өз міндеттерін толық көлемде атқарып жатқанын хабарлаған болатын. «Зейнетақы мен жәрдемақыларға тоқталар болсақ, қазіргі уақытта толық көлемде және уақытылы беріліп жатыр. 174 млрд теңге төленді. Бұл қаражат азамат-

тардың шотында жатыр» деді Серік Шапкенов.

Мүгедектігі бар тұлғаларды қайта куәландыру төтенше жағдай режимі аяқталғанға дейін автоматты түрде созылды.

– Қайта куәландырудан өтуі тиіс мүгедектігі бар тұлғалар төтенше жағдай аяқталғанға дейін автоматты түрде созылды, – деп түсіндірді Серік Шапкенов.

Пойыздар қозғалысы қалпына келді

7 қаңтарда «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша жолаушылар және жүк пойыздарының қозғалысы толық қалпына келтірілді.

– Бұған дейін жабық болған Мақат, Арал теңізі, Бейнеу, Маңғыстау, Сексеуіл стансаларынан жолаушылар пойызы өтіп жатыр. Ереуішшілердің әрекеті салдарынан жабылған барлық стансалар ашылды. Қазіргі уақытта тұрғын қалған барлық пойыздар белгіленген бағыттағы стансаларына бара жатыр. Тоқтатылған 25 жолаушылар пойызы сағат 14:00-ден бастап кестеге сәйкес қалпына келтіріледі. Алайда, бұған дейінгі пойыздардың кідіруін есепке алғанда, кейбір пойыздар кешігіп жетеді, – деді компанияның баспасөз қызметінен.

Бұған дейін тоқтатылған 129 жүк пойызының 75 құрамы уақытша жүрмей тұр. «ҚТЖ» ҰК» АҚ интернет пен

банк операциялары қалпына келгенге дейін кәсіпорындар мен көлік компаниялары үшін төлем мерзімін кешіктіруге рұқсат етті. Ұлттық компания ТЖ режимі кезінде айыппұл санкцияларын салмайды. Қазіргі шектеулерге сәйкес, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жолға шығатын жолаушылардың вокзалға ерте келуін, ал сапарлап келген жолаушылардың жол жүру билетін сақтауын сұрайды.

Сондай-ақ, компаниядан ТЖ кезінде кез келген бағытқа жол жүруден бас тартқан жағдайда «Жолаушылар тасымалы» АҚ билеттің толық құнын қайтарытын хабарлады. Жолаушылар ақша алу үшін 6 айдың ішінде билет кассаларына бара алады.

Төтенше жағдайда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жедел штаб отырысы туралы

«Қызылорда облысында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы №736 жарлығына сәйкес және Қызылорда облысында «Төтенше жағдай» жариялануына байланысты жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша келесіні БҰЙЫРАМЫН:

1. Қызылорда облысының полиция департаменті:

1.1. жедел әрекет ету тобын құру туралы бұйрық әзірлесін;

1.2. ҚР Ұлттық Ұлан №5547 әскери бөлімі, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бірлесіп, Қызылорда қаласы және аудандардың кіру-шығу автомобильдік тасжолдарына қарулы блок-посттар және төтенше жағдай уақытында (сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін) адамдардың қоғамдық орындар мен көшеде жүруіне және оның құралдары қозғалысының еркіндігіне шектеулер қойылысын.

2. Қызылорда облысының полиция департаменті, Қызылорда облысының прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, Қызылорда облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР Ұлттық Ұлан №5547 әскери бөлімі, №66597 әскери бөлімі, Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік күзет қызметі басқармасы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері:

2.1. қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілсін;

2.2. жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеру қамтамасыз етсін;

2.3. Қызылорда облысына кіру және одан шығу шектесін;

2.4. бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салынсын;

2.5. ереуілдерге және заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тыйым салынсын;

2.6. ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлесіп, қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға тыйым салынсын, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, ерекше режимі белгіленсін;

2.7. жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардың қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою қамтамасыз етілсін;

2.8. Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратының күзетілуі күшейтілген режимді қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы мен Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бірлесіп, төтенше жағдайға енгізілген кезеңінде жұмылдырылған құқық қорғау органдарының, Ұлттық Ұлан әскери,

Қорғаныс министрлігінің қызметкерлерін 5 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етсін (таңғы, түскі, кешкі ас).

4. Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті Қызылорда облысында төтенше жағдайдың және коменданттық сағат енгізілуі бойынша хабарламаларды ұялы байланыс арқылы (sms) облыс тұрғындардың назарына жеткізсін.

5. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы ҚР ДСМ медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесіп:

5.1. облыс көлемінде азық-түлік дүкендері, дориханалардың жұмыс уақыты сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін шектелсін;

5.2. облыс көлемінде алкогольдік өнімдерінің сатылуы тыйым салынсын;

5.3. облыс көлемінде кафе-барлар, мейрамханалар, гипер, опто, супермаркеттердің, қоғамдық моншалар, сауналар, спорттық ұйымдар, ойын-сауық орталықтарының қызмет уақыты тоқтатылысын;

5.4. облыс аумағында орналасқан барлық қару-жарақ және арнайы құралдарды сағаттың дүкендер жабылысын.

6. Қызылорда облысының желілік полиция бөлімі әуежай, теміржол мен автовокзалдарға кіру шектелсін (жолда жүру билеті барлар, шығарыспалушыларсыз және оларды сатып алуға келгендер ғана кіргізілсін).

7. Қызылорда облысының полиция департаменті, Қызылорда облысының прокуратурасы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті, Қызылорда облысының қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік күзет қызметі басқармасы, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес арнайы органдар қару-жарақ пен арнайы құралдарды Қызылорда облысының полиция департаментінің қару-жарақ сақтау қоймасына тапсырылсын.

8. Барлық мемлекеттік және арнайы органдар барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерге келтірілген шығын көлемі есептелсін.

9. Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы, Қызылорда қаласының әкімі:

9.1. Полиция жедел жасағының қозғалысын қамтамасыз етуге 4 автобус бөлінсін;

9.2. қосымша көмекке келген қызметкерлерді орналастыру орны белгіленсін (сыйымдылығы 300 адамға).

10. Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы төтенше жағдай жөнінде, орналастырылған блок-посттар туралы және төтенше жағдай кезінде жұмысшының нәтижелерін түсіріп, жарияласын.

11. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін және орындау мерзімі арнайы шешім қабылданғанға дейін күшінде сақталсын.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Қызылорда облысының полиция департаментінің бастығы, аумақтық комендант Б.Ж.Сұлтан

БІР КҮНГІ БҮЛІКТІҢ МЫҢ КҮНДІК ЗАРДАБЫ



«ҚазАқпарат» агенттігі 6 қаңтар күні кешке хабарлағандай, Қызылорда өңірінде террористік қауіптің қызыл шекті деңгейі енгізілді. Облыс аумағында террористерге қарсы операция жалғасуда.

Жаракат алған 168 адам ауруханаға жүгінген. Оның 77-сі ауруханаға жатқызылды, 38 азамат жансақтау бөлімінде жатыр. Өңірде жедел штаб құрылған.

– Баса айту керек, қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, жалған ақпарат таратқан азаматтар жауапкершілікке тартылады. Қызылорда облысы аумағында террористік қауіптің қызыл шекті деңгейі енгізілуіне байланысты терроризмге қарсы операция басталды. Аймақта енгізілген шектеулерге орай аса қажет болмаса, үйден сыртқа шықпаған жөн. Шыққан жағдайда қолыңызда жеке куәлік болуы шарт, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова халыққа жолдаған үндеуінде.

Облыстағы ахуалға шолу жасап көрсек.

2 қаңтар күні Маңғыстау облысында бейбіт шеру басталған болатын. Мемлекет басшысы сұйық отын бағасының көтерілуіне байланысты наразылығын білдіруге шыққан жұрт қоғамдық тәртіпті бұзбауы тиіс екенін айтып Twitter-де жазба қалдырды. Ертеніне арнайы комиссия Маңғыстауға барып, наразы топпен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты шешімдер қабылданып, газ бағасы 50 теңгеге түсірілетін болды.

Дегенмен, еліміз бойынша жер-жерде наразы халық алаңдарға шығып, өз талаптарын қоя бастады. Атап айтқанда, наразы жұртшылық елдегі қымбатшылық, күрделі әлеуметтік жағдай бойынша шағымдарын айтып, Үкіметтің отставкаға кетуін талап етті.

5 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты кеңес өткізді. Президент кеңеске қатысушыларға Премьер-Министр Асқар Маминнің қызметтен босату жөнінде өтініш бергенін хабарлады. Мемлекет басшысы оның өтінішін қабылдады. ҚР Конституциясына сәйкес Премьер-Министрдің қызметтен босатылуы бүкіл Үкіметтің өкілеттігін тоқтатқанын білдіреді. Үкімет мүшелері жаңа құрам жасақталғанша, өз міндеттерін атқара береді. Премьер-Министрдің міндетін атқару Әлихан Смайыловқа жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде инфляцияға жол бермеу атқарушы биліктің басты міндеттерінің бірі екенін, бірақ оның орындалмағанын айтты. Сондай-ақ, елімізде қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға тоқталып, сұйытылған газ бағасының артуына байланысты халықтың наразылығын тудырғаны үшін Үкімет, соның ішінде, Энергетика министрлігі, «Қазмұнайгаз» бен «Қазакгаз» кәсіпорындары кінәлі екенін айтты.

Бұл ретте Алматы қаласы мен еліміздің кей өңірлерінде, оның ішінде облысымызда да бейбіт митинг соңы бүлікшілік сипат алып, қарулы қақтығыстарға ұласты. Облыс орталығында наразы топтар «Агаі Сіті» сауда орталығы алдында 4 қаңтарда жиналған болатын. Сол күні кешке облыс басшысы мен қала әкімі наразы топпен кездесіп, талаптарын тыңдады.

4 қаңтар күні кешке мобильді интернет желісі ажыратылып, әлеуметтік желілер бұғатталды. Ертеніне мынанан астам адамнан тұратын наразы жұртшылық тағы да жиналып, өз талаптарын айтты. Олардың негізгі талабы құқық қорғау органдары тара-



пынан түсіндірме жүргізу мақсатында ұсталғандарды босату болды.

5 қаңтар күні түс мезгілінде наразы топ пен полиция қызметкерлері арасында қақтығыс болды. Дегенмен, шеруге шыққандар бой бермей, полицияларға қарсы шабуылға шықты. Нәтижесінде шеруге шыққандар «Агаі Сіті» сауда ойын-сауық орталығының автотұрағындағы полициялардың онға жуық техникасын өртеп жіберді. Қақтығыстан бірнеше адам жараланды. Айта кетерлігі, отқа оранған көліктер арасында тұрғындардың да тұраққа қалдырған көліктері бар.

Мұнан соң наразы топ облыс әкімдігіне бет алды. Тіпті, олар полициялардың қалқан-сойықтарымен, каскаларымен, қолға ілінген ағаш пен темір-терсекпен қаруланған. Әкімдік ғимаратында болған қақтығыстан соң ғимараттың бірінші қабаты қиратылып, бір топ адам ауласындағы екі ауыр техника мен гаражындағы қызметтік көліктерді өртеп жіберді.

Сондай-ақ, әкімдіктің күзет бекеті, Бейбарыс Сұлтан көшесі бойындағы полиция бекеті қиратылып, отқа оранды. Ауыр техника мінген бұзақылар жол бойындағы бейнебақылау камераларын қиратып, облыстық жергілікті полиция басқармасының ғимаратына бет алды. Ондағы тәртіпсіздіктер бірнеше сағатқа жалғасып, қарулы қақтығыс болды. Ондаған көлікке өрт қойылды.

Жаппай тәртіпсіздіктер түн ортасына дейін жалғасып, салдарынан орталық көшелердегі полиция бекеттері, облыстық сот, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы ғимараты, орталық алаңдағы шырыша отқа оранды. Қалалық әкімдік ғимараты мен бірнеше кәсіпкерлік нысандарына, облыстық ішкі істер департаменті, ішкі істер департаментінің қалалық бөлімшесі ғимараттарына шабуыл жасалды. Жаппай тәртіпсіздік салдарынан 70-ке жуық адам жараланды, 14 адам қайтыс болғаны айтылды.

6 қаңтар күні шеруге шыққандар болған жоқ. Өңірде арнайы штаб құрылып, коменданттық сағат енгізілді. Қазіргі уақытта жағдай тұрақталған.



Суреттерді түсірген Гүлболат ИРЖАҚЫЙ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
катталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.